

Интерактивті кітап көрме

Интерактивті дегеніміз – кері байланыс, екі жақты ақпарат алмасушылық. Белгілі бір әдіске қолдану барысында «Интерактивті» сөзінің мағынасын қарастырсақ – байланыс баяу әрекет ету түрі, белсенді түрі және интерактивті (бірлесе әрекет ету) түрлері бар.

Баяу әрекет ету түрі – модератордың аудиториямен бір жақты байланысы, белсенді түрі – модератордың аудиториямен диалогы, интерактивті – шараға қатысушылар арасындағы өзара диалог, яғни модератор мен аудитория арасындағы сияқты, өзара аудитория арасында да байланыс орнату дегенді білдіреді. Кітапханадағы Интерактивті кітап көрме тек қана оқырман мен кітапхана арасындағы байланыс емес, сонымен қоса көрмеге қатысушылар арасындағы өзара қарым-қатынас, көрсетілген мәселені талқылау. Мұндай көрмелердің білімділік жағынан маңызы зор.

Интерактивті кітап көрмелерінің сан алуан формаларын пайдалану кітапхананың қоғамнан өз орнын табуымен ұштасып жатыр. Оқырмандармен жұмыста көп нәрсеге қол жеткізуге болады. Қазіргі қоғамда адамдар өздерімен пікір алмасқанды, көзқарастарын тыңдағанды қалайды (кітапханалардағы көпшілік шаралар, оқырман конференциялары, пікірталас, викториналар, сайыстар бекер өткізілмейді).

1990-жылдардың өзінде кітапханашылар кітап оқу басшылығын жүргізе отырып оқырман пікірінің қаншалықты қажет екендігін білген. Кітапханаға оқырмандарды тарту жұмысында кітап көрмесінің маңызы үлкен. Сауатты, әсем безендірілген кітап көрмелер тек қана сол кітаптарды ғана жарнамалап қоймай, кітапхананы тұтасымен оқырманға таныстырады.

Дәстүрлі кітап көрмелерінің мүмкіндіктері жоғары. Кітап көрмелері теория жағынан да, практика жағынан да белсенді дамып келеді. Н.В.Збаровскаяның «Выставочная деятельность публичных библиотек» атты кітабында кітап көрмесін ұйымдастырудың сан алуан түрі қарастырылған. Жаңа кітап көрмелері туралы МПФТК(ГПНТБ) кітапханасы құрастырып шығарған әдістемелік құралында В.В.Вяткинаның «Новейшие тенденций в выставочной деятельности библиотек» мақаласы жарық көрген. Интерактивті кітап көрмесінің маңыздылығы жайлы С.Г.Матлианың «Книжные выставки – обычные и не обычные» көрнекі құралында көрсетілген.

Кітап көрмесінің жаңа формаларын кітапхана тәжірбиесінде енгізу жайлы мақалалар кәсіби баспасөз беттерінен жарық көруде. Әсіресе И. Деченко және О. Гахованың, Е. Мужикованың мақалаларын атап өтуге болады.

Интерактивті кітап көрмесінің мынадай түрлерін назарларыңызға ұсынамыз:

- 1.Ойын түріндегі кітап көрме
- 2.Диалогты кітап көрме
- 3.Оқырмандардың қатысуымен ұйымдастырылған кітап көрме

4.Зерттеу кітап көрмесі

1.Ойын түріндегі кітап көрме

Бұл көрменің ерекшелігі танымдық-ойын кезеңінен тұрады. Оқырман тек қана берілген құжаттармен танысып қоймай, сонымен қатар тапсырмаларды орындайды. Ойын түріндегі кітап көрмесі көбінде балалар кітапханаларында қолданылады.

Ойын кітап көрмесінің ішіндегі ең көп кездесетіні:

- Викториналық кітап көрме
- Кроссворд кітап көрме
- Чайнворд кітап көрме
- Жұмбақ-кітап көрме
- Қозғау салу-кітап көрме
- Сайыстық кітап-көрме

1.Викториналық кітап көрме. Көрменің бұл түрі кітапханаларда кең тараған. Викториналық кітап көрме – даярлаған сұрақтарға көрмедегі кітаптарды қолдана отырып жауап беруге мүмкіндік жасайды. Сұрақтарға жауапты жазбаша түрде де, ауызша түрде де беруге болады. Викторинаны өткізудің екі нұсқасы бар: кітап көрмені демонстрациялау кезінде (сұрақтар мен жауаптар кітап көрмеден орын алады) және кітап көрмені қорытындылау кезінде. Көбінде екінші нұсқасы қолданылады.

2. Кроссворд-кітап көрме және оның бір түрі чайнворд-кітап көрме. Бұл көрменің ерекшелігі көрмеде қойылған кітаптарды пайдалана отырып кроссворд немесе чайнворд шешу. Кроссворд үлкен плакат бетінде, оқырманға ыңғайлы түрде ұсақ қағаздарда жазылуы мүмкін. Кроссвордтың түрі кітап көрмесінің тақырыбына байланысты жасалады.

3. Жұмбақ-кітап көрмесі әр түрлі болуы мүмкін, негізгі ерекшелігі – оқырмандарға жауабын табуға жұмбақтар ұсынылады. Жұмбақтар кітап көрмесінің тақырыбын немесе салаларын ашуға көмектеседі. Кітап көрменің тақырыбы мен бөлімдері жұмбақпен берілуі мүмкін немесе кітап көрменің құрамындағы бір белгіде жұмбақ жасырылады. Бұл жағдайда оқырманға кітап көрмеде берілген құжаттармен танысып сол белгіні табу керек.

4. Қозғау салу-кітап көрмесі – бұл көрмені ұйымдастыру кезінде әдейілеп кітап көрменің тақырыбына қатысы жоқ заттар, құжаттар қойылады. Оқырманға кітап көрмедегі жіберілген қатені іздеп тауып кітапханашыға айту мүмкіндігі туады.

5. Ойын-кітап көрмесінің кең тараған түрі сайыстық-кітап көрме. Бұл кітап көрмеде оқырмандардың шығармашылық жұмыстары: пікірлері, сыни мақалалары, эсселер, қолдан жасалған бұйымдар, фотосуреттер және т. б. қойылады. Көрмеге қатынасушылар қойылған жұмыстарды бағалап, жеңімпазды таңдап алады.

II. Диалогты кітап көрме. Ерекшелігі кітапханашы мен оқырман, оқырмандардың өзара пікір алмасуы. Диалогты кітап көрме белгілі бір мәселені талқылау үшін көпшілік шаралармен бірге өтеді. Олардың тақырыбы пікірталас тудыру мақсатында таңдалады. Кітап көрмеге оқырмандар пікірін білдіру үшін таза қағаз, жабық жәшіктер қойылады. Көрмеге қойылған материалдар оқырмандардың әр түрлі көзқарастарын тудырып ойлануға мәжбүр етеді.

Диалогты кітап көрменің мынадай түрлерін қолдануға болады:

1. Ойлану кітап көрмесі
2. Алдын алу кітап көрмесі
3. «Сұрақ-жауап» кітап көрмесі
4. Пікір алмасу кітап көрмесі
5. Диспут кітап көрмесі
6. Пікірталас кітап көрмесі
7. Талқылау кітап көрмесі
8. Сөзбен қағысу кітап көрмесі

1. **Ойлану кітап көрмесі.** Кітап көрменің тақырыбын онда қойылған кітаптар мен мақалалар ғана емес, оқырман пікірі де ашады. Мысалға, «Поколение» атты ойлану кітап көрмесінде атақты адамдардың балалық шағы, өмірі туралы (атап айтқанда музыканттар, ақындар және т. б.) кітаптар қойылған. Ұйымдастырушылар 5-9 сынып оқушыларынан осы көрмеге қатыса отырып өз арман-мақсаттары туралы ой бөліседі.

2. **Алдын-алу (ескерту) кітап көрмесі.** Кітап көрменің тақырыбы қоғамдағы жастарды толғандырып отырған аса маңызды сұрақтарға арналады. Мақсаты – оқырмандарға түрлі тақырыптарға байланысты (нашақорлық, қоршаған ортаның ластануы және т. б.) көрсететін нәтижесін айтып, дұрыс жолға түсуіне көмектесу.

3. **«Сұрақ-жауап» кітап көрмесі** – оқырмандардың тақырыптық сұрақтары мен библиографиялық анықтамаларды орындауының бір түрі деуге болады. Оқырмандар өздерін толғандырып жүрген сұрақтарын жазып, жәшікке салады. Біршама уақыттан соң сол сұрақтарға жауап бере алатын кітаптар мен мақалалар қойылған кітап көрмесі ұйымдастырылады.

Бұл кітап көрмесі оқырманмен қатынас жасауға өте ыңғайлы, әрі олардың іздеген сұрағына нақты жауап беруге көмектеседі.

4. **Пікір алмасу кітап көрмесі.** Кітап көрмесіне кітаптармен бірге осы кітаптар жайлы оқырмандардың пікірлері жазылған парақтар қойылады.

Осылайша көрмедегі кітаптарға деген өз көзқарастарын білдіріп, бір-біріне кітаптарды ұсынады. Бір автордың кітабына екі түрлі көзқарас білдірілген пікірлерді қоюға болады. Пікір алмасу кітап көрмесінің мазмұнын әмбебап (жан-жақты), тақырыпты, не жанрлық деп бөлуге болады.

5. **Талқылау кітап көрмесі және оның түрлері:** диспут-кітап көрмесі, пікірталас кітап көрмесі, сөзбен қағысу (выставка полемика) қоғамдағы әр түрлі көзқарас туғызатын мәселеге арналады. Оқырмандарға әркімнің ойымен танысып өз пікірлерін білдіруге мүмкіндік туғызады.

6. **Экспресс-кітап көрмесі** жұртшылықты елең еткізген аса маңызды бір оқиғадан кейін жедел ұйымдастырылады. Мысалы, үлкен спорт сайыстары, саяси жағдай және т. б.

III. Оқырмандардың қатысуымен ұйымдастырылған кітап көрме. Ерекшелігі оқырмандардың қатысуымен кітап көрменің тақырыбын, қажет материалдарды таңдап алу. Бұл кітап көрменің мынадай түрлерін атап айтуға болады:

1. Оқырмандардың сүйікті кітаптар көрмесі
2. Бенефис кітап көрме
3. Көңіл-күй-кітап көрмесі
4. Ситуация-кітап көрмесі
5. Оқырмандар ұйымдастырған кітап көрмесі
6. Оқырмандардың толықтыруымен ұйымдастырылған кітап көрме

1. **Оқырмандардың сүйікті кітаптар көрмесі** оқырмандардың пікірлері негізінде безендіріледі. Көрме-пікір сияқты әдебиеттерді ұсынуы мүмкін. Мысалға, «День читателя», «Я рекомендую», «Почитал – советую вам».

2. **Бенефис-кітап көрмесі.** Кітапхананың іс-тәжірибесінде көрнекті орын алған. Бенефис-кітап көрмесін өткізу кезінде оқырман көңілінен шыққан кітаптарды немесе соңғы уақытта оқыған сүйікті кітаптары қойылады. Бұл кітап көрме басқа оқырмандарға осы кітаптар туралы толығырақ білуге, сондай-ақ болашақта өткізілетін көпшілік шараға қосымша жарнама ретінде үлкен рөл атқарады.

3. **Көңіл-күй кітап көрмесі.** Аталмыш көрмені ұйымдастыруда тұтынушының эмоциясына әсер ету негізгі мақсат саналады. В. В. Вяткина бұл кітап көрмесінің формасына нақты төмендегідей сипаттама берген еді: «Жасөспірім кітапты өзі көрмеге қойып оған өз пікірін жазуды ұсынады. «Маған көңілді болған кезде осы кітапты оқимын», «маған көңілсіз болған кезде осы кітапты оқимын» деген сияқты».

4. **Ситуация-кітап көрмесі** де осыған ұқсас келеді. В. В. Вяткина былай деп суреттейді: «Жасөспірім оқырманға кітап көрмесіне өз пікірлерін жазып қалдыруды ұсынады. Мысалы, «Мен бұл кітапты өзіммен бірге аралға аламын...», «Мен бұл кітапты өзіммен саяхатқа аламын...». Бұл кітап көрмелерге ересектерді де қатыстыруға болады.

5. **Оқырмандардың толықтыруымен ұйымдастырылған кітап көрме.** Оқырмандар кітап көрмесінде тұрған кітаптарды өз көзқарастарына қарай орналастыруларына, толықтыруларына болады: фотосуреттермен, шығармашылық жұмыстармен және т. б. Бұл тәсілді көбіне кітапханалар өлкетану және этнографиялық тақырыптарда кең қолданады.

ІҮ. Зерттеу-кітап көрмесі. Кітап көрме түрі жаңа материалдармен толықтырылып және жаңартылып, оқырман қызығушылығын зерттейді. Тәжірибе көрсеткендей зерттеу барысында кітап көрмесімен жүргізілген ұйымдастырушылық жұмыстар оқырмандардың қызығушылығын тудырады. Мысалға, «XX ғасыр ертегісі», «Ғасыр жыршысы», «Ғасыр кейіпкерлері» атты салалармен кітап көрмесіне кітаптар қойылып оқырмандар таңдауына ие болады. Қорытындысында жаңа оқырмандар кітапханаға жазылады.

Жоғарыда баяндап өткен интерактивті кітап көрмесінің түрлері шығармашылық ізденіске, инновациялық жаңашылдыққа, оқырмандармен қарым-қатынастың орнауына кеңінен жол ашады.